

3

Ұтымды ұсыныстар
ескерілуі керек

5

Болмысы бөлек
Базекен

Сыр бойы

№84 (21159) 11 маусым, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК ЖӘНЕ СІЗ ҚАЙ ЖАСТАСЫЗ?

Зейнетақы жинақтарын пайдалану үшін
2026 жылға белгіленген ең төменгі жеткіліктілік шектері

ЖАСЫ	ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК, ТЕНГЕ	ЖАСЫ	ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК, ТЕНГЕ
20 жас	6 670 000 теңге;	41 жас	13 760 000 теңге;
21 жас	6 960 000 теңге;	42 жас	14 160 000 теңге;
22 жас	7 250 000 теңге;	43 жас	14 560 000 теңге;
23 жас	7 540 000 теңге;	44 жас	14 960 000 теңге;
24 жас	7 840 000 теңге;	45 жас	15 400 000 теңге;
25 жас	8 150 000 теңге;	46 жас	15 820 000 теңге;
26 жас	8 460 000 теңге;	47 жас	16 250 000 теңге;
27 жас	8 770 000 теңге;	48 жас	16 690 000 теңге;
28 жас	9 090 000 теңге;	49 жас	17 140 000 теңге;
29 жас	9 420 000 теңге;	50 жас	17 590 000 теңге;
30 жас	9 750 000 теңге;	51 жас	18 050 000 теңге;
31 жас	10 090 000 теңге;	52 жас	18 510 000 теңге;
32 жас	10 430 000 теңге;	53 жас	18 980 000 теңге;
33 жас	10 780 000 теңге;	54 жас	19 460 000 теңге;
34 жас	11 130 000 теңге;	55 жас	19 950 000 теңге;
35 жас	11 490 000 теңге;	56 жас	20 450 000 теңге;
36 жас	11 850 000 теңге;	57 жас	20 950 000 теңге;
37 жас	12 220 000 теңге;	58 жас	21 460 000 теңге;
38 жас	12 600 000 теңге;	59 жас	21 970 000 теңге;
39 жас	12 990 000 теңге;	60 жас	22 500 000 теңге;



Ашық деректерге негізінде дайындалған К.Оралбаев

ТУЫНДЫ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ



«САПАРБАЕВ ТҰЛҒАСЫ»

Кеше «Достық үйінде» көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Мамбекұлы Сапарбаевтың өмірі мен еңбек жолына арналған «Сапарбаев тұлғасы» атты кітаптың таныстырылымы өтті. Басқосуға құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, жас мемлекеттік қызметшілер, азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, ағайын-туысы қатысты.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Бердібек Сапарбаевтың ел дамуына сіңірген еңбегіне тоқталып, оның мемлекеттік қызметтегі өнегелі жолы жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асып жатқан «Әкімдер мектебі» жобасы аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында «Сапарбаев тұлғасы» атты кітаптың тұсаукесері өткен болатын.

2-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға – 5000 теңге
мекемелер үшін:
6 айға – 10000 теңге

БАСПАСӨЗ – 2026

3-бет

ӨНІР ӨНІМІ

ТӘУЕКЕЛ ТАБЫС ӘКЕЛДІ

Адамның сүйікті ісі мен әуестігі табыс көзіне айналғанда шабыттана түсетіні бар. Мұндай оқиғалар өзгелерге үлгі болып, қанат бітіретіні сөзсіз. Үй шаруасымен айналыса жүріп табысты кәсіпкер болған Жаннұр Момыш облыс орталығында «ТАУ-дай бол» сауда белгісімен танымал. Осыдан бірнеше жыл бұрын үйде бала тәрбиесімен айналысатын қарапайым отанасы болатын. Өз кәсібін ашуды ойласа да, бастапқы капиталдың жоқтығы арманы алыстап кеткендей әсер қалдыратын. Дегенмен, бір күні ол тәуекелге бел буды.



Жаннұр жастайынан түрлі тағам әзірлеуге бейім болған. Қолынан келетін істі кәсіпке айналдыру үшін жолдасына мұздатқыш камера сатып әперуді сұрады. Тұшпара мен мантыны тапсырыспен дайындап сатуды қолға алды. Бұл әрекетін отбасылық бюджетке аздап болса да қосымша қаражат қосу деп ойлаған еді.

– Ол уақытта бұл ісімнің мұншалықты ауқымды кәсіпке ұласатынын мүлдем ойламаппын. Алғашқы клиенттерім көршілерім мен таныстарым болды. Олардың пікірлері жақсы болған соң, өнімге сұраныс та арта түсті. Кейін Instagram-нан үй жағдайында шұжық жасау туралы бейнеролик көріп, бұл іске қатты қызығып кеттім. Ассортиментімді кеңейтіп, шұжық өнімдерін шығаруды ұйғардым, – дейді Жаннұр.

6-бет

Валюта бағамы \$ 490,21 kzt € 566,93 kzt ₸ 6,81 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +31° 🌙 +19° | Жұма ☀️ +32° 🌙 +19°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТУРИЗМДІ ДАМУ ТҮСІМДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында туризмді дамыту мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелерге орай облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев жауапты сала басшыларына нақты тапсырма жүктеді.

Аймақ басшысы туристік аймақтарда төтенше жағдайдың алдын алу үшін құтқару топтары мен алғашқы медициналық көмек көрсету пункттерінің жұмысын ұйымдастыруды тапсырды. Демалыс орындарын қауіпсіздік нұсқаулықтарымен қамтамасыз ету, санитарлық талаптардың сақталуын қатаң бақылау, туристік аймақтарды байланыс арналарымен қамту жөнінде ұсыныстар әзірлеу керек.

Қауіпсіздік шараларын кеңінен насихаттау үшін телеарналарда, әлеуметтік желілерде және интернет ресурстарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, демалыс орындары мен рұқсат етілмеген су айдындарында рейдтік іс-шараларды тұрақты өткізу қажет.

Жиында су тасқынының алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар да сараланды. Өткен қыс-көктем айларында облыста ахуал тұрақты болды. 2024 жылы өңірде 27 нысанда қорғаныс бөгеті қалпына келтірілсе, өткен жылы 13 нысан жөнделді. Қазіргі уақытта жөндеу және қалпына келтіруді қажет ететін 12 нысан анықталған. Осыған байланысты «Құмсай», «Көлтоған», «Қыраш», «Манаш» су қоймаларын жөндеу, «Жиделі» су қоймасын қайта жаңғырту, Сырдария ауданындағы «Тереңөзек-Шаған» көпірі тұсындағы қорғаныс нысандарын қалпына келтіру қажет.

Жауапты мамандарға «Ақшақыз» каналының су тоспасы мен қорғаныс бөгетін, «Қалғандария» учаскесіндегі су тоспасының қақпақтары мен бөгеттерін жөндеу, Сырдария өзенінің «Қорқыт Ата» учаскесіндегі қорғаныс бөгетін қалпына келтіру жүктелді. Бұдан бөлек, «Келінтөбе» магистральді каналына су жеткізетін каналға су тоспасын салу, «Рисмаш» учаскесіндегі, «Болашақ» университеті маңындағы қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Бүгінде облыста 6 индустриялық аймақ жұмыс істейді. Өткен жылы Үкімет қаулысымен Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану үшін қала және аудан әкімдеріне отандық және шетелдік инвесторларды тарту, жаңа өндірістік жобаларды орналастыру тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«САПАРБАЕВ ТҮЛҒАСЫ»

Бұл – елге қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған ардақты азаматтың өнегелі жолын бейнелейтін тағлымды туынды. Қарапайымдылық пен адамгершілікті, кісілік пен кішілікті, талапшылық пен әділдікті бір бойына сыйдырған ардақты азаматтың есімі Тәуелсіз Қазақстанның тарихына алтын әріппен жазылды.

Уақыт оны арамыздан алыстатқанымен, рухани мұрасы ешқашан жоғалмайды, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Басқосуда кітаптың құрастырушысы Абай Сейфуллаұлы, ел ағалары Самұрат Имандосов, Бекмырза Еламанов, Мұрат Бақтиярұлы, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов сөз сөйледі.

Бердібек Машбекұлы мемлекеттік қызметтің түрлі сатыларында абыройлы еңбек етіп, сындарлы кезеңде халық пен билік арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Премьер-министрдің орынбасары, Қызылорда, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі ретінде ел дамуына зор үлес қосты.

«СБ» ақпарат

1-бет

ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы «...» №... бұйрығына қосымша

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Аты-жөні, қызметі	Күндері	Уақыты
1	Басқарма басшысы Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлы	Әр аптаның сәрсенбі күні	16:00-18:00 аралығы

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

«ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ КЕПІЛІ»

ӘДІЛЕТ - МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ДИАЛОГТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ, 10 МАУСЫМ



Қазақстан Республикасы әкімшілік соттарының құрылғанына – 5 жыл. «Әкімшілік әділет – мемлекет пен қоғам арасындағы тиімді диалогтың кепілі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, онда облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев бес жыл бұрын қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жаңа стандарттарын қалыптастырғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы: «Әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын айқындайтын сынақ болды. Оның нәтижесі сотқа деген сенімнің арта түскенін көрсетті. Әкімшілік әділет рөлі нығайып келеді», – деді.

Бұл мемлекеттік органдардың жұмыс мәдениетін өзгертіп, қабылданатын шешімдердің сапасы мен заңдылығына қойылатын талаптарды күшейтті. Азаматтардың сотқа деген сенімі – құқықтық мемлекеттің ең басты көрсеткіштерінің бірі. Осы ретте өңіріміздегі сот қауымдастығы

Ержан Әмиша – «СЫР СУЫ» ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Аптаның алғашқы күндері облыс әкімдігінде бірқатар маңызды кездесулер, ауыс-түйіске байланысты мәжіліс және ағымдағы мәселелер бойынша басқосулар ұйымдастырылды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бұйрығымен «Сыр суы» филиалының директоры лауазымына тағайындалған Әмиша Ержан Шынтемірұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, халықты сапалы ауызсумен үздіксіз қамтамасыз етудің қажетті шараларын қабылдауды жүктеді. Өңірдің су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту, ауызсу жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етіп, су жеткізу қызметінің сапасын арттыруды тапсырды.

Ержан Шынтемірұлы 1980 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Құрылыс», «Құрықтану» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын «СМП-Қызылорда» серіктестігінде инженер ретінде бастаған. Әр жылдары жеке секторда, мемлекеттік мекемелерде жауапты қызмет істеген. Кейінгі жылдары «Қазушар» мекемесінің «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары қызметін атқарып келді.

Еңбек жолын «СМП-Қызылорда» серіктестігінде инженер ретінде бастаған. Әр жылдары жеке секторда, мемлекеттік мекемелерде жауапты қызмет істеген.

Кейінгі жылдары «Қазушар» мекемесінің «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары қызметін атқарып келді.

Жанерке Жақсылық – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ

Сондай-ақ мәжілісте Денсаулық сақтау министрлігі аппараты басшысының бұйрығымен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Жақсылық Жанерке Алмасқызы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшыға өңірде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын қатаң бақылауда ұстап, медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруда нәтижелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жанерке Жақсылық 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Медицина», «Жалпы медицина» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2017 жылы Қызылорда қалалық №3 емханасында дәрігер ретінде бастаған. Әр жылдары осы емханада бөлім меңгерушісі, аймақтық дәрігер, бас дәрігердің орынбасары болған.

2023 жылдан осы күнге дейін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Өңір жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қажетті стратегиялық маңызы бар пайдалы қазбаларға бай. Қазақстандағы ванадий қорының 66 пайызы, мырыштың 16 пайызы, қорғасынның 11 пайызы және уранның шамамен 15 пайызы осында шоғырланған.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Чэнь Даю және компанияның бас директоры Чжун Фэйчаомен кездесуде облыстың минералды шикізат қоры инвестиция тартуға мол мүмкіндік беретінін атап өтті.



Кездесуде «Шалкия Цинк» АҚ-ның полиметалл кен орнын игеру жобасына ерекше назар аударылды. Бұл кен орны мырыш қоры бойынша әлемдегі ең ірі бестікке кіреді, жалпы қоры 104 млн тонна. Жоба аясында жылына 4 млн тонна кен өндіретін жерасты кеніші іске қосылып, 1500 жаңа жұмыс орны ашылады. Жалпы инвестиция көлемі 414,7 млрд теңге. Қазіргі уақытта жерасты шахтасының құрылысы мен қажетті инженерлік инфрақұрылым нысандары толық аяқталған. Алдағы жылы заманауи тау-кен байыту комбинаты мен қалдық сақтау қоймасының құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие концентраттарды тұрақты өндіреді. Сонымен қатар, өңірдегі энергетика, логистика және машина жасау салаларының дамуына серпін беретін ірі өндірістік орталықтың біріне айналмақ.

ӨҢІР ТАРИХЫ ӘЛЕМ НАЗАРЫНА

Өңірдің туристік әлеуетін арттыру қажет. Бұл ретте тарихи-мәдени мұраларды әлемге паш етудің маңызы зор. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев өңірге арнайы келген танымал тревел-блогер Дастан Мұхамедрахымды қабылдауда осы мәселелер пікір талқысынан өтті.

Қызылорда облысы – ежелгі өркениеттердің ізі сақталған киелі мекен. Мұндағы көне қалалар, тарихи ескерткіштер мен мәдени мұра нысандары Ұлы Жібек жолының мыңжылдық тарихынан сыр шертеді. Сонымен қатар, біздің өңір табиғи ерекшеліктерімен де саяхатшылар үшін ерекше тартымды екені белгілі.

Бүгінде еліміздің туристік картасына «Байқоңыр» ғарыш айлағы, «Сығанақ» қалашығы және «Георгиев Ағал» жобасы енгізілген. Ал өңірлік деңгейдегі туристік нысандар қатарына «Ханқожа»

заңдылықты нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз еліміздегі құқық үстемдігін нығайту ісінде маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта да Президентіміздің Әділетті әрі Қуатты Қазақстан құру жолындағы ортақ жұмысымыз жалғаса беретініне сенімдімін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жиында облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Гүлжан Мырзатаева, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті экономика және құқық институтының директоры, PhD докторы Айнур Исаева сөз сөйледі.

Аймақта әкімшілік әділет институтының тиімділігі нақты нәтижелерімен көрініс тапты. Кейінгі бес жылда облыс соттарына 6 мыңға жуық әкімшілік талап қою арызы түсіп, 5 мыңнан астамына тиісті шешім қабылданды.

Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтерген маңызды бастамалардың бірі «е-Әділет» бірінші платформасы. Аталған жүйе азаматтардың өтініштерін ашық әрі тиімді қарауға, өзекті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беріп, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың маңызды құралына айналды.

2021 жылдан бері өңірдің мемлекеттік органдарына 220 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл азаматтар мен мемлекеттік институттар арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа мәдениеті қалыптасып, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігі арта түскенін көрсетеді.

Конференцияға облыстық сот төрағасы Әділхадиди Шығамбаев, құқық қорғау органдарының басшылары, сот жүйесінің ардагерлері, адвокаттар, мемлекеттік органдар қызметкерлері, ғалымдар мен құқық саласының мамандары қатысты.

көлі, Қорқыт ата мемориалдық кешені, «Қамыстыбас» көлінің курорттық аймағы, Жаңақорғанның балшық курорттары, «Сауыскандық» шатқалындағы петроглифтер, «Жанкент» қалашығы, «Ақтас» мешіті, Хорасан ата, Оқшы ата және Марал ишан кесенелері кіреді. Осы тарихи орындарға ерекше қызығушылық танытып, әлем назарына ұсынғаныңыз үшін сізге ерекше алғысымды білдіремін! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Өз кезегінде Дастан Мұхамедрахым Сыр жұртшылығының қонақжайлығына ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта отандық туризмді дамытуға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді. Аймақ басшысы қонаққа қазақы дәстүрге сай сый-сияпат табыстады.

Жақында әлемге танымал тревел-блогерлер Қызылорда қаласына арнайы келіп, қайта жаңғыртылған Президент саябағын аралаған болатын. Сондай-ақ Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешенімен танысып, «Байқоңыр» ғарыш айлағында түсірілім жүргізді.

Айта кетейік, бүгінде өңір туризмін дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылууда. Өткен жылы облысқа 212,3 мың турист келген, оның 199,8 мыңы – ішкі санаптағы, 12,5 мыңы – сыртқы, туристер. Салаға 54,4 млрд теңге инвестиция тартылған.

БАЙҚОҢЫРДА БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде «Байқоңыр» кешенінде маңызды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Жыл басында Байқоңыр қаласында әрқайсысы 50 пәтерлік бес тұрғын үй пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта сумен жабдықтау және су бұру жүйелері жаңғыртылууда. Жоба коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы да аяқталуға жақын, нысанды ішкі айында пайдалануға беру жоспарланған.

Келесі оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасының білім беру стандартымен аралас мектеп ашу мақсатында №7 мектеп ғимаратын облыстық білім басқармасының қарамағына беру жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесуінде осы және Байқоңыр қаласының әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын жетілдіруге қатысты өзге де мәселелер қаралды.

Тараптар алдағы уақытта да өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастырып, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

«СБ» ақпарат

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Жорабек Нұрымбетов – облыстық мәслихат сессиясында халықтың өтініш-тілегін жиі көтеріп, орындалуына дәнекер болып жүрген депутат. Су шаруашылығында ұзақ жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі маман бұл салада көптеген түйткілдің бар екенін айтып, суды ысырапсыз пайдалануға барынша күш салып келеді.



ҰТЫМДЫ ҰСЫНЫСТАР ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

ТАУ СУЫНЫҢ ТАМШЫСЫ

Қазір тамшы судың қадірі артып тұр. Сондықтан оны ысырапсыз пайдалану – негізгі міндеттің бірі. Десе де бұл мәселе бойынша әлі күнге дейін көңіл бөлінбей жүрген жағдайлар бар. Мәселен, Жанакорған ауданы аумағында тау суын пайдалануды жетілдіре түсуге әбден болады. Осы орайда су шаруашылығы саласында елу жылға жуық еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман облыс басшылығына ауданға қарасты Ақүйк өзені суын тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныс білдірді.

– Бірлік елді мекенінің жоғары тұсында қыс-көктем айларында жаңбыр және қар сулары жиі түсіп жатады. Өкінішке орай, жергілікті халық сол судың игілігін толық көре алмай отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі су ресурстарын үнемдеп пайдаланудың өте маңызды екенін атап өткенін білеміз. Бұл оқлықтың орнын толтыру үшін батыл және шұғыл шаралар қабылдау қажет. Ақүйк өзені бойында не жасауға болады? Алдымен көктемгі қарғын суды жинап, оны егінге жеткізу үшін жоғалтып алмау жағын ойластыру керек. Ол үшін су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу қажет екенін айтып келемін. Бұл Ақүйк ауылдық округіндегі Бірлік елді мекенін аяқсумен қамтамасыз етуге жол ашады. Елмен жүздескен сәтте олар осындай ұсыныс-пікірін жеткізеді, – дейді Жорабек Ибрагимұлы.

Бірлік елді мекенінде 423 отбасы, 2700 тұрғын бар. Тау етегінде орналасқан ауыл маңайы – жауын-шашын және қар суын жинауға өте қолайлы. Ол шамамен 10-15 млн текше метрді құрайды. Су қоймасына көп шығын кетпейді. Мамандар жобамен 700 метр қорғаныс бөгетін салса, онда мол суды ысырапсыз пайдалануға болатынын айтады. Елдегілер бұл ұсынысты көтеріп келе жатқанына 20 жылдың жүзі болған.

– Ендігі кезекте мамандар өзекті мәселені зерделеп, тиісті шешім қабылдайды деген ойдамын. Алдағы уақытта сметалық жобасы жасалып, іске асып жатса, сол аумақта бау-бақша, егін салуға әбден болады. Оған қоса қар мен жауын-шашын көп түскен уақытта елді мекенді су басу қаупі сөйлетінін ұмытпайық. Тағы бір ескеретін нәрсе, ол жерасты суының көбеюіне оң әсерін тигізеді. Біз, облыстық мәслихат депутаттары жергілікті тұрғындардың ұсыныс-пікіріне сәйкес су қоймасына қатысты мәселені зерттеп қайттық. Комиссия мүшелері онда су жинап алған жағдайда аудан орталығымен қоса есептегенде үш елді мекенді аяқсумен толықтай қамтамасыз етуге болатынына көз жеткізді. Мәселен, су қоймасын салатын аумақ табиғи тау жотасымен қоршалған. Енді 90-100 метр жерге бөгет салынса, оны су қоймасы ретінде пайдалануға болады. Осылайша аз шығынмен мол су жинауға мүмкіндік туады. Ендігі кезекте бұл нысанның техникалық-экономикалық және сметалық жобасын жасауға облыстық бюджеттен қаржы қаралса деген ұсынысымыз бар, – деді Ж.Нұрымбетов.

Ал су қоймасының құрылысына республикалық бюджеттен қаржы қарастыру ойластырылуда. Бұл орайда мамандар еліміздің Су ресурстары және ирригация министрлігі қолдау көрсетуді сұрайды.

САРЫСУДЫҢ ӨЗЕГІ

– Көршілес Ұлытау облысының орталығы – Жезқазған қаласында «Кенгір» және «Жезді» шағын су қоймалары бар. Онда қар және жауын-шашыннан түсетін су жиналады. Осында жиналған суды көктем және жаз айларында Сарысу өзеніне 50-100 текше метр шамасында жіберуге болады. Сондай-ақ Шу өзенінен түсетін суды Телікөл көлдер жүйесіне пайдаланудың маңызы зор. Қазір ол Түркістан облысының Созақ ауданынан аспай отыр. Кеңес одағы кезінде мол су Телікөлге дейін жетіп жатқанын көзіміз көрді, – дейді Жорабек Ибрагимұлы.

Сондай-ақ жергілікті жұртшылықты Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе магистральдық каналының бойынан салынған көпірдің апаттық жағдайы алаңдатады. Пайдалануға берілгеніне 56 жылдан астам уақыт өткен көпірдің апаттық жағдайы жөнінде уәкілетті органдардан алынған қорытынды бар. Ол арқылы «Қаратөбе» ауылдық округінің халқы егін егіп, мал шаруашылығымен айналысады. Қызылорда филиалы арқылы көпірге бірнеше мәрте ағымдағы жөндеу жүргізілген. Дегенмен көпірдің тіреулері ескіріп, күрделі жөндеуді қажет етіп отыр.

– Бұл нысанның қызметін сол аумақта тұратын 4000 адам пайдаланатынын ескерсек, ол жергілікті жұртшылық үшін өте маңызды екенін түсіну қиын емес.

Көпшіліктің өтінішіне сәйкес қалыптасқан жағдайға байланысты облыстық мәслихат депутаттарынан құрылған арнайы комиссия бұл мәселені жан-жақты зерделеп қайтты. Айта кетсек, қазір көпірдің жағдайы өте нашар. Алдағы жайсыз жағдайлардың алдын алуымыз тиіс. Жалпы, көпір «Қазушар» Қызылорда филиалының құзырына жатады. Сондықтан жедел сметалық жобасы жасалып, құрылыс жұмыстарын бастаудың маңызы артып тұр, – дейді депутат.

«САБАЛАҚ» ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨТІНІШІ ҚАНДАЙ?

Қызылорда қаласының іргесіндегі «Сабалақ» шағын ауданында жаз айларында ауызсу тапшылығы сезіледі. Сол аумақта орналасқан бұрынғы «Сырдария» оқу лагері маңында түптік құдық ескі су мұнарасы бар. Оны кешегі күнге дейін ҚР ҰҚК Шекара қызметі пайдаланып келген. Дегенмен түптік құдық ол мекеннің құзырында жоқ. Ендігі кезекте сол орынды қаладық «Су жүйесі» мекемесінің теңгеріміне алудың маңызы артып тұр.

– Сол арқылы «Наурыз», «Сабалақ» елді мекендерінің ауыз су мәселесін шешуге болады. Ол үшін нақты шешім қабылдануы тиіс. Атап айтсақ, бұл аумақта 30-40 млн теңгеге түптік құдық қазып, көп қаржы шығындамай, ауызсу мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік бар, – дейді Жорабек Ибрагимұлы.

Сондай-ақ Қызылорда қаласының сол жағалауында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл сол аймақты жылумен қамтамасыз ету мәселесіне едәуір қиындық алып келеді. Қазір жұмыс істеп тұрған №17 автономдық қазандық тұрғын үйлерді жылумен қамтуына мүмкіндігі жоқ. Көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға сағатына қосымша 30 Гкал жылу жүктемесі қажет болып отыр. Осыған байланысты «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан 40 МВт-тық қазандық құрылысы» жобасы аясында автономдық жаңа қазандық салу қажеттілігі бар.

Ал Қараөзек ауылдық округі Айнакөл елді мекенінің тұрғындары Сауранбай каналы бойына насос орнату жөнінде өтініш білдіріп келеді. Сол арқылы жергілікті тұрғындар 150-200 гектар аумаққа картоп, пияз және бақша өнімдерін егуге мүмкіндік туады.

– Бұл – жергілікті халықтың ұзақ жылдан бері жасап келе жатқан кәсібі. Жерден несібесін терген халық осылайша отбасын асырап, күнкөріс көзін тауып жүр. Өндірген өнімдерін қала базарына шығарады. Рас, кейінгі жылдары Сырдария өзенінде судың тапшылығынан орнатылған насостарға қатысты жанармай мәселесінде қиындық туындайды. Осыған орай жергілікті тұрғындар канал бойында электрлі насостар орнату бойынша ұсыныс білдірген еді. Ол үшін Сауранбай каналы сағасына трансформатор құрып, 300-500 метр қашықта тұрған электр жүйесіне қосып беруді сұрайды. Бес-алты жылдай бұрын сол аумақта электр жүйелері мен трансформатор болған еді. Қазір бұл дүниелерді құзырлы мекеме мамандары алып кеткен. Бүгінде округте электр жүйесін қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде. Сондықтан тұрғындар өтінішіне байланысты бұрын пайдаланылған трансформатор мен электр жүйесін тартып беру жөнінде тиісті орындарға ұсыныс жасалды. Алдағы уақытта оң шешім табыла деген ойдамын, – дейді ендігі сөзінде Жорабек Нұрымбетов.

ЖОЛ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРСА ДЕЙДІ...

Қалаға жақын орналасқан Тасбөгет кентінде 30 мыңға жуық халық тұрады. Дегенмен кентте Шокай, Әбенов, Абай, Олжабайұлы көшелеріндегі автокөлік жолдары сын көтермейді. Олардың барлығы күрделі жөндеуді қажет етіп отыр. Қалыптасқан жағдайға байланысты бұл мақсатта бюджет есебінен 328 млн теңге қажет.

– Мұндай мәселелер облыс аудандарында да кездеседі. Мәселен, халықтың Қармақшы ауданындағы «Қармақшы-Жалағаш» облыстық маңызы бар автокөлік жолындағы теміржол өткелі, Сырдария ауданындағы облыстық маңызы бар «Қызылорда-Жалағаш» автокөлік жолындағы көпірді күрделі жөндеу, Жалағаш ауданы Жаңадария ауылы, Арал қаласындағы бірқатар көшелерде автокөлік жолын салу жөнінде өтініштерін тиісті мекемелерге жеткіздік. Жолға қатысты мәселелер облыстың барлық ауданында бар, – дейді Жорабек Ибрагимұлы.

Сондай-ақ қаланың «Сәулет» шағын ауданында орналасқан Ясауи көшесі тұрғындары «Гелиос» жанармай бекетінен Алтынбеков көшесі арқылы Дәулетбаев көшесіне өтіп жатқан жүк көліктері балалар қауіпсіздігін сақтауға кедергі келтіретінін жеткізген еді. Өйткені, бұл көшенің ені 4,5-6 метрді құрайды. Сол аумақта балалар ойнайтын орындар бар. Сондықтан жүк көліктері олардың өміріне қауіп туғызады. Осыған байланысты бұл аумақта жүк көлігі жүруге болмайтыны жөнінде арнайы белгіні орнату маңызды болып отыр.

Депутат көтерген мәселелердің бір парасы осындай. Мінберде айтылған халықтың ұсыныс-пікірі аяқсыз қалмайды деп білеміз.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК ЖӘНЕ СІЗ ҚАЙ ЖАСТАСЫЗ?

ШЕКТІҢ ӨСУ СЕБЕБІ

Халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатын келтірілген күн әдісі де осы мақсатқа қызмет етеді. БЖЗҚ мамандары бұл тәсілдің макроэкономикалық болжамдардың өзгеруіне тәуелділікті азайтып, есептеулердің тұрақтылығын арттыратынын айтады.

Сонымен бірге зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсатында пайдалану тетігі толықтай жойылмайды. Қолданыстағы тәртіп бойынша зейнетақысы жоғалған табыстың кемінде 40 пайызын құрайтын азаматтар өз жинақтарының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Ал зейнетақы аннуитеті шартын жасаған азаматтар мен мемлекеттік бюджеттен төлем алатын еңбек сіңірген зейнеткерлер үшін қаражатты толық пайдалану мүмкіндігі сақталады.

Жаңа есептеулер нәтижесінде жеткілікті шегі салымшылардың жас ерекшелігіне қарай орта есеппен 79 пайызға және одан да жоғары мөлшерде өскен. Ең үлкен өсім зейнет жасына жақындаған азаматтар арасында байқалады.

Мамандардың пікірінше, бұл өзгерістердің түпкі мақсаты – азаматтардың зейнетақы жинағын сақтау және оны инвестициялау арқылы болашақ төлем көлемін арттыру. Өйткені зейнетақы жинағы – тек бүгінгі қажеттілікті шешетін қаржы емес, қартайған шақтағы әлеуметтік қауіпсіздіктің маңызды кепілі. Сондықтан жеткілікті шегінің ұлғаюы көптеген азамат үшін қолайсыз шешім болып көрінгенімен, оның негізгі мақсаты – болашақ зейнеткерлердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бүгін сақталған әрбір теңге ертеңгі лайықты зейнетақының негізі болмақ.

ЖАҢА ТӘСІЛДІҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

Иә, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалану мәселесі кейінгі бірнеше жылда қоғамдағы ең көп талқыланған тақырыптардың біріне айналды. Кей адамдар бұл мүмкіндікті тұрғын үй мәселесін шешудің тиімді жолы деп бағаласа, енді бірі оның ұзақ мерзімді салдарына алаңдаушылық білдіреді. Бүгінде мемлекет ең төменгі жеткілікті шегін қайта қарау арқылы осы екі мүдденің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылып отыр.

Жалпы, ең төменгі жеткілікті шегі дегеніміз – азаматтың болашақта ең төменгі деңгейдегі зейнетақыны қамта-



масыз ету үшін Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы шотында қалуы тиіс ең аз сома. Ал осы межеден асатын қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге пайдалануға рұқсат беріледі.

Алайда сарапшылар қолданыстағы тәсілдің бірқатар әлсіз тұстары бар екенін айтады. Себебі бүгінгі есептеу әдістемесі азаматтың зейнет жасына дейін үздіксіз жұмыс істеп, тұрақты түрде жарна аударып отыратынын негізге алады. Ал өмірде мұндай тұрақтылық әрдайым сақтала бермейді. Экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, денсаулық жағдайының нашарлауы немесе табыстың азаюы секілді факторлар кез келген адамның қаржылық мүмкіндігіне әсер етуі ықтимал.

Осы себепті ең төменгі жеткілікті шегін есептеу әдістемесін жаңарту қажеттілігі туындады. Жаңа тәсілдің басты мақсаты – азаматтар бүгін жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, қартайған шағында лайықты зейнетақы алу мүмкіндігін жоғалтпауын қамтамасыз ету.

Кейінгі үш жыл ішінде ең төменгі жеткілікті шегінің қайта қаралмауы да жаңа өзгерістердің қабылдануына себеп болды. Өйткені бұл кезеңде инфляция деңгейі өсті, экономикалық ахуал өзгерді, халықтың өмір сүру ұзақтығы артты. Мұның барлығы зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін маңызды факторлар саналады.

Жанартылған әдістеме актуарлық есептеулерге негізделмек, яғни онда азаматтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы,

инвестициялық табыстылық деңгейі және болашақтағы мақсатты зейнетақы төлемдерінің көлемі ескеріледі. Бұл өз кезегінде есептеулердің дәлдігін арттырып, зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

«Қаржылық сауат» телеграмм каналында зейнетақы жүйесіндегі үлкен өзгеріске қатысты сарапшылардың пікірлері берілген. Қаржыгер Ресул Рысмамбетовтің пікірінше, зейнетақы жинағы ең алдымен адамның қартайған шағына арналған қаржылық қор болуы тиіс.

– Мен зейнетақы жинағын жаппай, қалай болса солай шешіп алуға әу бастан қарсы болғанмын. Ол – адамның еңбекке қабілеті азайып, бұрынғыдай жұмыс істей алмайтын кезеңіне арналған қаражат. Сондықтан жеткілікті шегінің көтерілуі қисынды шешім, – дейді сарапшы.

Экономист Айдархан Құсайынов та осы ұстанымды қолдайды. Оның айтуынша, зейнетақы жүйесінің басты мақсаты – азаматтарды қартайған шақта тұрақты табыспен қамтамасыз ету. Сондықтан мерзімінен бұрын ақша алуға қойылатын талаптарды күшейту жүйенің тиімділігін арттырады.

Сарапшылардың алаңдаушылығына негіз болған тағы бір жайт – зейнетақы жинақтарын жаппай пайдалану тұрғын үй нарығына елеулі ықпал еткені. Миллиардтаған теңгенің нарыққа бір мезетте құйылуы баспана бағасының күрт өсуіне әсер етті. Соның салдарынан жинағын пайдалана алмаған көптеген азамат үшін тұрғын үй қолжетімсіз болды.

Саясаттанушы Ғазиз Әбішевтің пікірінше, бұл жағдай инфляциялық қысымды күшейтіп, экономиканың жекелеген секторларында бағаның негізсіз қымбаттауына ықпал етеді. Бұдан бөлек, бүгін жинағын пайдаланып жатқан азаматтар ертен зейнет жасына жеткенде жеткілікті қаражатсыз қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда әлеуметтік жауапкершілік қайтадан мемлекетке жүктеледі. Ал болашақта мұнай кірістерінің азаюы мен экономикалық сын-қатерлер мемлекеттік бюджет мүмкіндіктерін шектеуі ықтимал.

Сондықтан сарапшылар мәселенің түпкі шешімі зейнетақы қорындағы ақшаны ерте пайдалануға емес, халықтың табысын арттыруда деп есептейді. Ресми жұмыспен қамтуды көбейту, жалақы

көлемін ұлғайту және еңбек өнімділігін арттыру арқылы ғана азаматтардың зейнетақы жинағын көбейтуге болады.

Тақырыпқа тұздық болсын деп, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Бекболат Шәріпбековтің пікірін де сұраған едік.

– Кейінгі жылдары зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі қоғамда үлкен қызығушылық тудырды. Қолданыстағы ең төменгі жеткілікті шегі осы бағытта маңызды рөл атқарады. Бұл шек – азаматтың болашақта ең төменгі зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету үшін шотында қалуы тиіс ең аз сома. Ал одан асатын қаражатты белгілі бір мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі. Алайда бұл тәсілдің өз кемшіліктері де жоқ емес. Қазіргі есептеу әдістемесі азаматтың зейнет жасына дейін тұрақты жұмыс істеп, үздіксіз жарна аударып отыратынын негізге алады. Шын мәнінде, өмірде бәрі бірдей жоспар бойынша бола бермейді. Оған жұмыссыздық, табыстың төмендеуі немесе денсаулық жағдайы секілді факторлар кез келген адамның қаржылық мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты ең төменгі жеткілікті шегін есептеу әдістемесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. Жаңа тәсілдің басты мақсаты – азаматтар бүгін жинақтарының бір бөлігін пайдаланған жағдайда да, болашақта лайықты зейнетақы алуына жеткілікті қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету, – дейді ол.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 9 МАУСЫМДАҒЫ № 110 ҚАУЛЫСЫ

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі № 516 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі №516 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақтың 2), 6), 11), 23), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 33-1), 34), 34-1), 34-2), 34-3), 34-4), 34-5), 35), 36), 37), 38), 92), 93), 93-1), 93-2), 94), 100), 103), 105), 106), 107), 112), 113), 114), 116), 119), 120), 122), 124) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

«2) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді»;

«6) орманда өрт қаупі болатын маусымда табиғи өрттерді сөндіру үшін жанар-жағармай материалдарының резервін, сондай-ақ мемлекеттік орман қорының аумағында орман өрттерін сөндіру үшін әуе кемелерін тартқан жағдайда авиациялық отын резервін жасайды»;

«11) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдік іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім қабылдайды»;

«23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығына шектеу (тоқтата тұру) белгілеу туралы шешімдер қабылдайды»;

«25) өз қызметі шегінде су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады»;

26) бассейндік су инспекцияларымен келісу бойынша су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілейді;

27) тиісті аумақтарда су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды;

28) су объектілерінде, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларда, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

29) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды басқаруды ұйымдастырады, оларды техникалық жарамды күйде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

30) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, сондай-ақ тиісті аумақтағы иесіз қалған су шаруашылығы құрылысжайларын есепке алуды жүргізеді;

31) иесіз қалған су шаруашылығы құрылысжайларын коммуналдық меншікке айналдыру бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;

32) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін жыл сайын әзірлейді;

33) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы және жерасты суларына пайдалы қазбаларды өндіру салығы ретінде облыстың бюджетіне түскен өткен жылғы кіріс көлемі, сондай-ақ су қорын қорғау жөніндегі іс-шараларға бағытталған бюджет қаражаты шығыстарының сомасы туралы ақпаратты жыл сайын 1 мамырға дейін интернет-ресурста орналастырады;

33-1) су қорын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының құрамында су қорын қорғау, су үнемдеу және су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шараларды көздейді және іске асырады»;

«34) бассейндік кеңестердің жұмысына қатысады, бассейндік кеңестердің қарауына су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау, су бұру бойынша ұсыныстар енгізеді;

34-1) бассейндік кеңестердің ұсынымдарын орындау жөнінде шаралар қабылдайды;

34-2) жерүсті су объектілерін санациялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

34-3) өз қызметі шегінде климаттың өзгеруіне осалдықты бағалауды жүргізеді;

34-4) өз қызметі шегінде экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі басымдықтар мен шараларды айқындайды, оларды іске асыруды жүзеге асырады;

34-5) өз қызметі шегінде айқындалған, экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және олардың нәтижелері негізінде осы шараларды түзетеді;

35) тасқын және еріген сулардан қорғау және (немесе) оларды су қоймаларын, көл жүйелерін және жерасты суларды көздерін толықтыруға бұру және (немесе) қайта бөлу үшін елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын, көлік инфрақұрылымы объектілерін, қауіпті өндірістік объектілерді қорғаудың инженерлік жүйелерін құруды ұйымдастырады;

36) су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларының тұжырымдарын ескере отырып, судың зиянды өсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін жерүсті су объектілерінің су жайылатын учаскелерін орман өсіруді, өздерінің функционалдық қарамағындағы аумақтарда егісті қорғау үшін ағаш өсіруді ұйымдастырады;

37) өз қызметі шегінде Қазақстан Республикасы Су Кодексінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

38) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады»;

«92) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекітеді;

93) қызметі шегінде аквашаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

93-1) аквашаруашылық субъектілерін және аквашаруашылықты дамытуға қамтамасыз ететін субъектілерді субсидиялауды жүзеге асырады;

93-2) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

94) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптарды бекітіп беру мен аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдайды»;

«100) ғылыми зерттеулер негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізеді»;

«103) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат немесе балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат береді»;

«105) резервтік қордың балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балықтардың қырылу қаупі туындаған жағдайларда балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің шешімі негізінде мелиорациялық балық аулауды ұйымдастырады;

106) аквашаруашылық саласында инвестициялық салымдар болған кезде шығыстардың бір бөлігін өтеу;

107) аквашаруашылық өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамыту бойынша субсидиялау»;

«112) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;

113) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде шешімдер қабылдайды;

114) мемлекеттік сараптаманың оң қорытынды болған кезде уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар қалалардың шекараларында орналасқан жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың функционалдық аймақтарға бөлу бөлігінде олардың техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету жобаларын және оларды жоспарлау жобасын (инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын) бекітеді»;

«116) заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітеді»;

119) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерлі резервте қалдыру жөнінде шешімдер қабылдайды;

«120) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аумақтарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдайды»;

«122) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітеді»;

«124) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қауымаларды таратады және олардың аумақтарын кішірейтеді»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 21-1), 92-1), 92-2), 92-3), 105-1), 105-2), 105-3), 112-1), 135) тармақшалармен толықтырылсын:

«21-1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде түбірмен босатылатын сүрек үшін мөлшерлемелерді қоспағанда, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін әзірлейді»;

«92-1) балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асырады және (немесе) ұйымдастырады;

92-2) аңшылық алқаптардың резервтік қорындағы жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды, сондай-ақ оны мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

92-3) балық өнімдерін қайта өңдеуді субсидиялауды жүзеге асырады»;

«105-1) аквашаруашылық саласында су беру бойынша көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау, мемлекеттік қолдау шараларын жүргізеді»;

105-2) аквашаруашылық саласында техника мен технологиялық жабдық сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, мемлекеттік қолдау шараларын жүргізеді;

105-3) субсидиялаудың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де бағыттары бойынша жұмыстар жүргізеді»;

«112-1) мемлекеттік ұлттық табиғи парктер инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарларын әзірлеуге қатысады»;

«135) «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес өзінің қызметіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды жүзеге асырады, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қарайтын әкімшілік істердің орындалуына (әкімшілік жазалардың қолданылуына) бақылау жүргізеді»;

2. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

М. Ергешбаев

ЖОБА

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің кейбір мәселелері туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелер бөлінісіндегі жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбелерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы №1318 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №6674 тіркелген);

2) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелер бөлінісіндегі жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбелерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы №1318 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі №62 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде №8386 тіркелген).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

М.Ергешбаев

Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына қосымша

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

№	Балық шаруашылығы су айдындарының атауы	Ауданы, (гектар)	Орналасқан жері
1.	Алаша көл	150	
2.	Ақбөлек	110	
3.	Ақшатау-Сорғак	3500	
4.	Домалақ	150	
5.	Жаланап	1500	
6.	Жарықкөл	180	
7.	Қаракөл	1100	Арал ауданы
8.	Қарашалаң	820	
9.	Қаязды-Бидайкөл	250	
10.	Лайкөл	280	
11.	Мақпалкөл	700	
12.	Райым	850	
13.	Суықкөл	120	
14.	Тұшыкөл	1100	
15.	Шөмішкөл	500	
16.	Ақкөл	300	
17.	Ақкөл-Ердес	52	
18.	Алтынкөл	20	
19.	Ашыкөл	125	
20.	Жайлауқөл	90	
21.	Қаракөл	210	
22.	Қашқансу	70	
23.	Қотанкөл	1100	
24.	Құмкөл	250	
25.	Қуандария	740	Қазалы ауданы
26.	Мариянкөл	350	
27.	Өтебас	126	
28.	Томайкөл	120	
29.	Төртқулақ	80	
30.	Тұздықөл	120	
31.	Шортанбасат	40	
32.	Шақасоркөл	30	
33.	Қаракөл	25	
34.	9-Қудық-Өлтай	600	
35.	Өбдірар	30	
36.	Бұқабай	25	
37.	Домалақ	10	
38.	Жетікөл	10	
39.	Иркөл	15	
40.	Иркөл	70	
41.	Кенжеалы	25	
42.	Кетебай-Масак	20	
43.	Қаракөл	150	Қармақшы ауданы
44.	Лайкөл	74	
45.	Меней	50	
46.	Таскөл	100	
47.	Тасқын	16	
48.	Төлеген	30	
49.	Тұзкөл	35	
50.	Түңірлі	40	
51.	Шүлейкөл	30	
52.	Бұтбасай	400	
53.	Бақатай	28	

БАЛАЛАРҒА АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Жаздың ыстық күнінде көпшілік табиғатта, өзен, көл жағасында демалуды ұнатады. Өрине, таза ауада демалу денсаулыққа орасан зор пайдасын тигізеді. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін. Балалар кейде қауіп-қатерді байқамай, ережелерді сақтамастан суға түсіп жатады. Сондықтан демалыс орнына бармас бұрын балаларға судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп және оларды қадағалау маңызды.

Мамандардың сөзінше, балалар мен ересек адамдар арнайы рұқсат етілген су айдындарында ғана шомылуға тиіс. Ал бақыланбаған, шомылуға болмайтын жерлерде суға түсуге, сүңгуге болмайды.

– Қызылорда қаласы бойынша 16 қауіпті учаске бар. Сол жерлерде суға түсуге болмайды. Ал шомылуға болатын екі жер бар. Олар – жағажайлар, яғни «Әделвалы» және «Сыр толқыны». Ал қалған каналдар мен көлдерге, су айдындарына түсуге болмайды. Себебі ол тұстар тексерілмеген, тереңдігі белгісіз, астындағы қауіпті заттар жайлы ақпарат жоқ, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Елдар Талғатұлы.

Оның айтуынша, балалар шомылу үшін түбі тексерілген, құтқарушы қызметкерлері бар, жабдықталған жағажайларды ғана таңдауы қажет. Сосын сапалы құтқару жилеттерін пайдалану керек.

54.	Балтажарған	40	
55.	Бақаш-Маман	25	
56.	Бөйбіше	80	
57.	Бегім	16	
58.	Бесмола	30	
59.	Жетіарал	25	
60.	Иркөл	11	
61.	Иркөл	20	
62.	Қаншнелі	25	
63.	Қаракөл	28	
64.	Қаракөл (Қаракеткен ауылы)	15	Жалағаш ауданы
65.	Қарасу	17	
66.	Құмбөгет-Ызақөл	30	
67.	Құмшөкөл	8	
68.	Құртшенгел	20	
69.	Майкөл	80	
70.	Мақпалкөл	15	
71.	Серкеш	25	
72.	Шағала	30	
73.	Шынар	45	
74.	Астауқөл	40	
75.	Ақтүйе-ауызкөл	30	



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАЗЕКЕҢ

Адам баласы ғана емес, жаратылыс атаулының басты құндылығы болашаққа қызмет етуге бағытталған. Өмірдің мәні де осы болар.

Азаматтың басында болатын асыл қасиеттер адалдық, азаматтық, шыншылдық, турашылдық жас кезімнен білетін Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың бойынан табылатын.

Ең алдымен оның жасаған еңбегін, азаматтық қалпын, келбетін айту парыз болмақ. Облыстың денсаулық саласында жасаған еңбегі, ойып алатын орны бар. Әріптестер арасында азаматтық болмысымен ерекшеленіп тұратын. Жаға ма, жақпай ма, турашыл, керек жерінде азаматтық мінез көрсетіп, әділеттілік танытып жүретін, құбылшыл өзгеруді жат көрген. Тұн ұзақ болғанымен, таң атады, күн ұзақ болғанымен ұясына барып батады. Міне, бүгінде Базекеннің арамьздан кеткеніне де бірнеше жыл өтті.

Оның өмір жолы теп-тегіс болған жоқ. Жазықсыздан «Халық жауы» атанған әкенің баласы еді. Солақай саясат шыбықтай өсіп келе жатқан жас баланың жүрегіне жара салмады деп кім айта алады? Шындық кес-

шігіп жетеді емес пе? Уақыт өтіп, армандаған күндер жетіп, әкенің ақталған хабарын естігендегі Базекеннің қуанышын қағаз бетіне түсіріп айту мүмкін емес.

Дегенмен сынаққа толы сол күндер Базекенді майыстырмады, қалай болғанда да шындық женеді деген үміт алға жетелеумен жүрді.

Азаматты бағалаудың басты өлшемі адамға, қоғамға пайдалы қызметі болса керек. «Ата салтын ұмытқан – өшкендіктің белгісі. Өткенді еске алған – өскендіктің белгісі» деген қағида Базекеннің көкірегіне сақталып қалған. Бұл тұрғыда Алаштың ардақтысы, халқының біртуар азаматы Мұстафа Шоқайды елге танытуға жасаған қызметі – өлшемі жоқ құнды дүние. Бұл жолда да Базекен аз тер төккен жоқ. Мұстафа Шоқай қазақ еліне қайтып оралды. Осы істің басы-қасында Базекен басшылық жасады.

Бақ жұлдызы жанынан пендесін Жаратқан әу бастан-ақ тағдыр тезіне салып, өмір өткелдерімен өрге сүйрейтіні баршаға мәлім.

Базекен денсаулық саласының қай қызметінде болғанда да белсенділігімен

көзге түсіп, өрлеп, халық жадында сақталатын еңбегімен ерекшеленді. Әр азаматтың тағдырына барынша байыпты қарады. Денсаулық зардабын көріп, қиналған жандардың жадында десем шындықты айтқаным болар.

«Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта» деген қағида біздің – қызметтес, әріптес, дәмдес болып, қатар жүргендердің Базекен туралы көзқарас-естеліктеріміздің бір арнада тоғысуы дәйек бола алады.

Өйткені ағайын-туыс, дос-жора, замандастар арасында да Базекен қашанда бауырмалдығымен әрі қарапайымдылығымен ерекшеленген жан еді.

Отбасын, балаларын өте жақсы көретін. Баршамыз мойындайтын, адал жар болып, дүниеге мұрагер әкелген, бұл фәни дүниеден ерте озған Гүлбарамның да орны әрине, бөлек болды. Базекенді азаматтың кәдірін, мәртебесін көтеріп, тек жанашырлық танытып кеткен ыстық ықыласы есімізде мәңгі сақталып қалды.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер,
облыстың құрметті азаматы

САЛАҒА САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН АРНАДЫ

Өңірдің денсаулық сақтау саласының аса көрнекті ұйымдастырушысы, білікті дәрігер, тәжірибелі басшы, ұлағатты ұстаз әрі медицина саласының құрметті ардагері Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың есімін әрдайым құрметпен еске аламыз.

Базарбай Асанбайұлы 1937 жылдың 10 қарашасында Сырдария ауданындағы (қазіргі Шиелі ауданы) «1 Май» колхозында дүниеге келген. Еңбек жолын фельдшер ретінде бастап, кейін Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін тәмамдаған. Туған өлкесіне оралып, балалар хирургі болып қызмет атқарды.

Саналы ғұмырын өңірдің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға арнады. Балалар хирургі, облыстық денсаулық сақтау саласының штаттан тыс бас балалар хирургі, аудандық және облыстық деңгейдегі басшылық қызметтерде еңбек ете жүріп, аймақ медицинасының қалыптасуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты.

1975 жылдан облыстық денсаулық сақтау саласының ұйымдастыру-әдістемелік қызметін басқарған кезде медициналық көмектің сапасын арттыру, статистика мен денсаулық сақтау менеджментін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Базарбай Асанбайұлының тікелей бастамасымен облыстық ауруханана алғаш рет балалар хирургиясы бөлімі ашылды, жас мамандар кәсіби тұрғыда қалыптасты.

1982-1988 жылдары облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары қызметін атқарып, барлық аудан мен елді мекенде медициналық көмектің қолжетімді болуына ерекше назар аударды. Жаңа ауруханалар, емханалар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, зертханалар мен дәріханалардың ашылуына ұйытқы болып, оларды мамандармен және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге үлкен еңбек сіңірді.

Базарбай Асанбайұлы шалғай ауыл тұрғындарына медициналық көмекті жақындату, ана мен бала денсаулығын қорғау, жұқпалы аурулардың алдын алу, кадрлардың білімін жетілдіру бағытындағы жұмысты жүйелі ұйымдастырды. Оның бастамасымен жылжымалы дәрігерлік амбулаториялар қызметі дамып, профилактикалық медицинаның тиімді үлгісі қалыптасты.

Өңір медицинасы тарихындағы ең ірі жетістіктерінің бірі Қызылорда облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының салынуы мен қалыптасуына Базарбай Асанбайұлының қосқан үлесі ерекше. Оның табандылығының арқасында типтік жобаларды жұқпалы аурулар ауруханасы салынып, 1988 жылы өзі осы мекеменің бас дәрігері болып тағайындалды. Кейін бұл аурухана республикадағы үздік медициналық ұйымдардың біріне айналды.

Облыстың бас инфекционисті ретінде ғана емес, республика көлеміндегі жұқпалы ауруларды емдеу қызметінің дамуына да елеулі үлес қосты. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, 30-дан астам ғылыми мақала жазды. Оның жетекшілігімен жұқпалы аурулар қызметінің тарихына арналған ғылыми жинақтар жарық көрді.

Базарбай Асанбайұлының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол «Халықтар достығы» орденімен, «КСРО Денсаулық сақтау үздігі», «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгілерімен, көптеген медальмен, Құрмет грамоталарымен және басқа да жоғары марапаттармен наградталды. «Шиелі ауданының құрметті азаматы» атағына ие болды.

Медицина саласындағы еңбегімен қатар, ол қоғам өміріне де белсене араласты. Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеу мен насихаттау ісіне зор үлес қосып, арнайы қор құрып, ғылыми және тарихи еңбектердің жарық көруіне ықпал етті. Оның бұл бағыттағы қызметі халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

Базарбай Асанбайұлы кәсіби шеберлігімен ғана емес, адамгершілік қасиеттерімен де көпшілікке үлгі болды. Жас мамандарға қамқорлық көрсетіп, шәкірт тәрбиелеуді өмірлік ұстанымына айналдырды. Бүгінде оның тәлімін алған дәрігерлер еліміздің әр өңірінде абыройлы еңбек етуде.

Өмірінің соңына дейін өзі қалыптастырған ұжыммен байланысын үзбей, денсаулық сақтау саласының дамуына ақыл-кеңесін беріп отырды.

Халыққа адал қызмет етуді басты мұрат еткен ардақты азаматтың жарқын бейнесі, өнегелі өмір жолы мен мол мұрасы әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Алмас ӘБІЛПАТТА,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы



ЖАҢАШЫЛ БАСШЫ, БІЛІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Базарбай Асанбайұлы Атабаевпен таныстығым студенттік жылдардан бастау алады. Мен 1964 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтына оқуға түскен кезде, ол осы оқу орнында төртінші курста білім алып жүрген еді. Студент кезінен-ақ қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, факультет өміріндегі барлық маңызды іс-шаралардың бел ортасында жүретін. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенділігі сол кездің өзінде көпшілікке үлгі болатын.

Оқуымызды аяқтағаннан кейін Қызылордада 19 интерн бірге келдік. Сол кезеңде топ жетекшісі ретінде ұйымдастыру жұмыстарына жауапты болдым. Жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселесінде Базарбай Атабаевтың көмегіне жүгіндік. Өйткені ол адамдарға қолдау көрсетуді, олардың мәселесін шешуге атсалысуды азаматтық парыз деп білетін.

Бұл қасиеті балалық шағынан қалыптасқан деп ойлаймын. Өмірдің қиындықтарын ерте көрген ол туған әлкесіне әрдайым қамқор болып, отбасы алдындағы жауапкершілікті терең сезініп өсті. Сол себепті де айналасындағы адамдарға жанашырлық танытып, көмек қолын созуға әрдайым дайын тұратын.

1989 жылдың 29 маусымында біз жаңадан ашылған облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына көшіп келдік. Сол кезде Базарбай Асанбайұлы Атабаев маған бас дәрігердің орынбасары әрі реанимация бөлімінің меңгерушісі қызметтерін ұсынды. Алайда өз мамандығым бойынша ішек инфекциялары бөлімін басқаруды жөн көрдім. Дегенмен арада он ай өткен соң, реанимация бөлімінің меңгерушісі қызметіне кірістім.

Кадр таңдауда ерекше көрегендік танытатын. Ол кәсіби мүмкіндікті ғана емес, адами қасиеттерді де жоғары бағалайтын. Кімнің қандай іске қабілетті екенін дәл анықтап, мамандарды дұрыс бағыттай білетін. Жеті жылдан астам уақыт реанимация бөлімін басқардым. Бұл өте жауапты әрі ауыр жұмыс болатын. Сол кезеңде әрдайым қолдау көрсетіп, қиын сәттерде жігерлендіріп отырды. Қызмет барысында кездескен қиындықтардан қажып, жұмыстан кеткім келген кездер де болды. Бірақ ол әріптестерінің көңіл күйін түсініп, дер кезінде қолдау білдіре алатын басшы еді.

Бір күні маған: «Біздің облыста жұқпалы аурулар қызметінің қалыптасу тарихы жүйеленбеген екен. Біз осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек» деген ұсынысын айтты. Бұл жұмыстың ауқымды екенін, көптеген архив құжаттарын зерттеу қажеттігін жеткіздім. Алайда ол алға қойған мақсатынан ешқашан бас тартпайтын.

Оның бастамасымен ең белсенді қызметкерлерден жұмыс тобы құрылып, біз бір ай бойы архив қорында жұмыс істедік. Денсаулық сақтау саласына қатысты құжаттарды зерттеп, облыстағы инфекциялық қызметтің қалыптасуы және даму тарихын жинақталдық. Соның нәтижесінде аурухананың 10 жылдық мерейтойына орай «Қызылорда облысының инфекциялық қызметінің қалыптасуы» атты кітап жарық көрді. Бұл еңбек – ең алдымен, Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың идеясы мен табандылығының нәтижесі.

Кітаптың жарық көруіне қосқан үлесім үшін Құрмет грамотасымен марапатталдым. Дегенмен біздің басты мақсатымыз – марапат алу емес, халық денсаулығы жолында қызмет ету және пайдалы басамаларды жүзеге асыру. Оның медицина саласындағы тағы бір маңызды еңбегі – плазмаферез әдісін тәжірибеге енгізуі. Сол кезеңде вирусты гепатиттің ауыр түрлерімен сырқаттанған науқастар саны артып, өлім-жітім көрсеткіші жоғарылаған еді. Осындай жағдайда плазмаферез әдісін қолдану арқылы науқастардың қанын тазарту емінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл күрделі әрі ұзақ уақытты талап ететін жұмыс болатын. Кейбір науқастарға бірнеше сағат бойы аппараттық ем жүргізілетін.

Зейнет жасына жетіп, еңбек демалысына шығуды жоспарлап жүргенімде, мерейтойлық жиындардың бірінде көп жыл-

ғы еңбегімді жоғары бағалап, алдағы уақытта облыста гепатологиялық орталық ашу жоспары бар екенін айтты. Сол орталыққа жетекшілік етуді маған ұсынды.

Ол кезде мұндай орталық облыс көлемінде мүлдем болмаған еді. Базарбай Атабаевтың бастамасымен өңірдегі алғашқы гепатологиялық орталық ашылды. Жаңа бағыттағы бұл жұмыс бастапқыда бейтаныс болғанымен, кейін оның маңыздылығын толық түсіндім. Алғашқы кезде орталықта 49 науқас есепте тұрса, кейін олардың саны 500-ге дейін жетті. Бұл В және С вирусты гепатитімен ауыратын адамдарға жүйелі бақылау жүргізуге, кеңес беруге және тиімді ем ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Орталық жұмысының сапалы жолға қойылуы үшін мен арнайы оқудан өтіп, тәжірибе жинадым. Базарбай Асанбайұлы да бұл бағыттағы жұмыстарды зерттеп, басқа өңірлердің тәжірибесін саралап, әрдайым қолдау көрсетіп отырды. Сол жылдары С гепатитін емдеу өте қымбат болатын. Бір ғана дәрінің құны ондаған мың теңге, толық емдеу курсы бірнеше жылға созылатын. Бүгінде мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың арқасында бұл қызметтер халыққа қолжетімді болып отыр. Мұның негізінде кезінде құрылған гепатологиялық орталықтың да үлесі бар деп есептеймін.

Базарбай Асанбайұлы ұжымдағы әрбір қызметкерді бағалай білетін. Ол адамдарды қызметіне немесе лауазымына қарай бөлмейтін, барлығына бірдей құрметпен қарайтын. Әділдігімен, адамгершілігімен және кәсіби біліктілігімен ерекшеленген басшы ретінде әріптестерінің зор құрметіне ие болды.

Оның медицина саласына сіңірген еңбегі мен тәрбиелеген шәкірттері – бүгінгі денсаулық сақтау жүйесінің маңызды жетістіктерінің бірі. Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың жарқын бейнесі мен игі істері әріптестерінің жүрегінде әрдайым сақталып тұр.

Саярқұл ҚҰДИЯРОВА,
медицина саласының ардагері

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ АҒА

Базарбай ағамыздың Қызылорда облысының медицина саласына, оның ішінде жұқпалы аурулармен күреске сіңірген еңбегі өте зор. 1988 жылдың 30 желтоқсанында облыстық жұқпалы аурулар ауруханасын қабылдап алды, ол кезде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып қызмет істейтін.

1989 жылдың 6 қаңтарында мені өзінің орынбасары етіп тағайындады. Бірақ аурухананың ауруларды қабылдауға дайындығы жоқ еді, құрылыс жұмыстары әлі жалғасып жатты, төсек-орын, аппараттары әлі алынбаған.

Жаңа басшының қатысуымен сол жылдың маусым айына дейін құрылыс толық бітті, аурухананы төсек-орынмен, қажетті құралдармен жабдықтады. Облыстағы 3 аурухана: Қызылорда облыстық ауруханасының, қалалық аурухананың, балалар ауруханасының инфекция бөлімдерін көшіріп, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы науқастарды қабылдап бастады.

Үш мекемеден келген ұжымның басын біріктіру ұйымдастырушылық қабілетке байланысты. Реанимация бөлімі, кейіннен бактериология-сериологиялық зертхана ашылып, штаттарын кеңейтіп І дәрігердің орнына 6 дәрігер маман дайындалды, Қызылорда қаласындағы және аудандардағы аурухана, емханаларда бактериология-сериологиялық зерттеу жүргізетін орталықтандырылған зертханалар ашты. Бұрын болмаған реанимация бөлімін құрып, облыстық ауруханадан Жақсылық Сәрсенбаевты шақыртты.

Қызметкерлерге өте қамқор еді. Тықрау кезде, ауыр заманда әкімдікке отынып айтып, әуежай жақтан жер сұрап картоп, жуа, басқа да көкөністер, бау-бақша егіп, солай 3-4 жыл аурухана өз күнін өзі көрді. Кадрларды өте жақсы бағалайтын, шындықты бетке айтатын. 2000 жылы зейнетке шығам дегенше мамандар дайындап, әрі қарай өзі аурухананың ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет жасалды.

Қарамағындағы 1-2 дәрігерге көпқабатты үйден баспана алуға көмек көрсеткен. Аурухана жанынан жер бөлініп, 12 орта буынды қызметкерге жер алып берген. Жолдас-жорасы өте көп, ортада сыйлы кісі еді. Шәкірттерінің көбісі кейіннен облыс көлемінде бас дәрігер қызметтеріне көтеріліп, зейнетке шықты. Республика көлеміне, үлкен қызметке көтеріліп кеткендер де бар. Олар Базарбай ағаның тәрбиесінің арқасында жақсы маман болып шықты. Кейбір шәкірттері Астана, Алматы қалаларында доктор, профессор. Отбасылық дос болдық, жақсы ұрпақ тәрбиелеген, балалары да елге қызмет етуде.

Сол кісі тәрбиелеген мамандар ұйымшылдығын сақтап келеді, қызметтеріне адал. Зейнетке шыққан кісілерде де назардан тыс қалдырмай, үнемі шақырып, құрмет көрсетуде.

Ол дүние жинаған жоқ, дос жинады. Достары республика көлемінде, тіпті шет елдерде де көп еді. Базарбай ағаның арқасында көптеген жақсы кісілермен таныстық, дастарқандас болдық, әңгімелерін тыңдадық.

Тағы бір жақсы қасиеті, қарамағындағыларды қорғай білетін, жазықсыз біреудің айыптауына, жазалауына жол бермейтін, ашуы тез қайтатын, артында татуласуға тырысып, қажет болса үлкеніші демеі кешірім сұрайтын. Сол қасиеттерін жоғары бағалайтынбыз.

Ол кісінің аурухана маңын көгалдандыруға да қосқан үлесі зор. Құрылыс біткен кезде айналасы тас, құм, топырағы құнарсыз еді, су болмады. Жыл сайын тал ектіретін, қазір сол ағаштар жайқалып, үшінші қабатқа дейін жетіп тұр.

Жалғас КҮДЕБАЕВ,
медицина саласының ардагері

ТӘУЕКЕЛ ТАБЫС ӘКЕЛДІ



Осылайша ізденіс басталды. Ол Ақтау қаласынан шұжық жасаудың қыр-сырын үйрететін арнайы курстар тапты. Рас, курстың бағасы арзан емес, алайда жас кәсіпкер мен оның жары бұл шығынды ертеңгі күнге салынған инвестиция деп ұғынды. Үш сатылы оқудан өтіп, алған білімі кейін ісін дөңгелентуге берік негіз қалады.

2023 жылдың басында заңды түрде жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, облыс орталығынан шағын ғана ғимаратты жалға алып, шұжық өнімдері мен жарғылай фабрикалар шығаратын цехын ашты. Өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін ол мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларына жүгінуді жөн санады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының аймақтық филиалына барып, жеңілдетілген несие рәсімдеді. Міне, осы сәттен бастап «ТАУ-дай бол» брендімен өнім шығару қолға алынды. Айта кетерлік жайт, сауда белгісінің атауы кездейсоқ қойылмаған. Ерлі-зайыптылар отбасындағы үш қызы – Тоғжан, Айзере және Ұлжан есімдерінің бірінші әріптерін алып, осындай жағымды әрі төл атауды ойлап тапқан.

Уақыт өте келе тапсырыс көбейіп, өндіріс алаңын кеңейту қажеттілігі туындады. Бұл жолы да Жаннұр мемлекеттік қолдауына арқа сүйеді. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы мен «Coca Cola белестері» бастамасы аясында жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін жеңілдетілген гранттар ұтып алды.

Мемлекеттің қолдауы тек құрал-жабдық сатып алу мүмкіндігі емес, алға жылжуға деген ынта мен серпін берді. Қолдауды барынша тиімді пайдаланып, өз жобанды қоғамға пайдалы етіп, табысты жүзеге асыру маңызды. Ашығын айтсам, бұл көмексіз менің арманымың жүзеге асуы екіталай еді, – деді кәсіпкер.

Ол өнім сапасына айрықша мән береді және өндірістің әрбір кезеңін жіті қадағалайды. Цехқа қажетті шикізатты Жалағаш ауданындағы сенімді фермерлерден ғана сатып алады. Әрбір ет партиясы қатаң тексеруден өтіп, шығарылатын өнімдерге «Халал» сертификаты алынған. Бұл – тұтынушылар тарапынан сенімді арттыра түсетін маңызды фактор.

Бүгінде «ТАУ-дай бол» сауда белгісімен шығарылатын шұжық өнімдері мен жарғылай фабрикалар облыс орталығындағы 16 дүкен сөрелерінен орын алған. Алдағы уақытта өнім түрлерін одан әрі көбейту жоспарда бар.

Жақында ғана іскер әйел өз өнімдерінің шағын партиясын АҚШ, Франция және Жаңа Зеландия сынды елдерге экспорттап үлгерді. «Тұмар» шағын өнеркәсіп аймағынан 20 түрлі кондитер өнімін шығаратын жаңа цехын іске қосты. Кәсіпкердің айтуынша, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шаралары оның кәсібінің ілгерілеуіне айрықша серпін беріп отыр. Бүгінде екі цехта 11 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал алдағы жоспар одан бетер ауқымды – өндірісті кеңейту және тағы бір сауда нүктесін ашу.

Ең бастысы қорықпау керек. Өз ісіне беріліп, адал еңбек етсең, барлығы да ойдағыдай болады. Мемлекет қолдауымен түрлі бизнес-идеяларды жүзеге асыру әлдеқайда жеңіл, – деп түйінделі сөзін кейіпкеріміз.

Шынында да, бұл – елімізде кәсіпкерлікке жасалып жатқан жағдайдың, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көрсететін жарқын мысал. Үй шаруасын атқара жүріп, өз ісінің шеберіне айналып, өнімнің әлемнің түкпір-түкпіріне жөнелтуі қазак әйелінің қандай биікті де бағындыра алатынын паш етеді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

1-бет



/// ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Ойпырм-о-ой, сол кеште үшеуі әнді салды дейсің, бір әннен соң бір ән, бір әннен соң бір әнді әуелетті... Әуендері алғашында грейдер көрмеген келдір-бұдырлау жол үстіндегі шоқырақ еді, ыстық шәйден ұрттап, ашы судан жұтынқырағаннан кейін өнерпаздардың дауыстары да ашыла түскен сынайлы. Әлде ішіне ел қонған жұртқа солай сөзділ ме, бірте-бірте әндері әдемілене берді.

Зоотехник Әштәй, мал дәрігері Оралға гараждың диспеншірі Жақан қосылып, үшеуі Трио! Орекеннің институтта оқып жүргенінде оркестрдің мүшесі болғаны бар екен, мандолинаны тартқанда қолын ритм ырғағымен айналдыра ұрып, аспаптың жанын жеп барады. Сым ішектер «сөйлеп» кеткендей. «Құстар, құстар» деп сызылғанда іші-бауырын елжірейді-ай! Осы кезде сүйемелдеушінің саусақтары дір-дір етіп, жоғары-төменді суи жөнелді. Бір керемет! Өшекен домбырамен әуре, ал осы өнерпаздардың ең жасы Жақан төңкерілген табақты кепшік секілді қағып, тақылдатып қояр емес. Осылайша бүгінгі көңілді жиын тәмамдалуға тақалғанда еді. Ауылдың айтулы триосы Тілендиевтің белгілі әнін бел ортасынан аударғанда төрдегі кісілер елен-десіп қалды. Бүгінгі кештің басты кейіпкері Жәкең коньяк толы стаканды ерніне апара бере, музыканттар жаққа қарап кідіріп қалғаны. Мұны әуелі рабшомом Әлекен аңғарып қалды да:

– Оу, алыңыз, алыңыз, – деп елпектеді. «Не дейді, сыймай кетіп барад дей ме?..» Иә Жәкең осылай дегенде сыпайы ғана сыздықтап отырған ауылсовет Жүмекең де бір кәжірді сезгендей сөзі алды. Сөйтті де әлгінде ғана үстел үстіне қойған стаканына қайта қол созып:

– Жәке, жаңағы жақсы сөзге жақсылап алып қойыңыз, – деп орнынан көтеріле берді. Әншілерге қарап директор Әбекеннің қабағы кіржілді. Бұл кезде бас музыкант Орекен бір аяғын орындықтың төменгі белдеуіне тірей, тізесін сәл бүккен күйі мандолинаны өңгеріп, әдетінше сынсыз тартқан-ды. Мына тұрыста жаңа гана тентек жел сипап өткендей, маңдай шашы желпілдеп, шып-шып тер самайға қарай құлаған. Ал Жақан өз өнеріне елтігені сонша «кешікті» қоя сала, «ааа-ааа-а-а» деп кеңірдегіңіз созғанда, аузы мондолинаның жаланап білегіне такалып-тақалып кетеді.

Үшеуі қосыла, «Ааа-ааа-а-а-ай, Қимай кетіп барасың, сыймай кетіп барасың...» деп әуелеткенде залда отырғандардың қыза бастаған кейбірі де: «Қимай кетіп барасың, сыймай кетіп барасың» деп қосыла аңырайды. Бар пәле осы сөзге екен. (Ән текстінің авторы кешірсін.) Трио «Қимай кетіп барасың» деп тағы да соза түскенде парторг Батекен шыдамай кетті-ау деймін орнынан ұшып тұрған бойы кеңірдегі кетпен саптай адыра аяқ-қайлап тұрған Жақанның желке тұсынан нұқып қалып: – Доғар!, – деді. Тағы да:

– Токтатындар!, – деді түрін суытқан күйі. Музыканттарымыз көздері жыпылықтай сап тылды. «Япырай, жұрт көңілді отырсын деп ән салғаннан басқа не жазығымыз бар еді» дегендей мүлүйімсінген пошым...

Бұл мәністі оқырманға түсіндіру үшін сәл шегініс жасауға тура келеді, амал жоқ сөйтсеміз. Қырық жылдың арғы жағындағы оқиға

араға салған быылғы көктемде Жәкең 60-қа толды. Алайда зейнетке шығуға асығар емес. Әлі де бір жыл бұрынғы қызметін жалғастырысы келетіндігі туралы сыбыс шыққалы басылар мазасыз. Бүйректен сирақ шығарар кадрден тезірек құтылсақ дейді.

Директор бұл мәселені парторг Батекеннің мойнына артқан. Сауаты да, орысшасы да өзінен кем

осылай дейді. Соны түгендегендер дейді. Жазған құлда шаршау бар ма, бір маманды арнайы бөліп оның бұрын жұмыс істедім деген жерлерін екі ай бойы шарлағып, зорға дегенде құжаттарды пенсияға дайындады. Енді не дер екен деді: «Менің еңбек демалысыма шығар құрметіме не сыйлық дайындадыңдар, соны көрсетіңдер!» деп әмір береді. Онысы да орындалды. Өзіне шапан, әйеліне көйлек-жаулық. Және 1000 сом!

Сол кездегі өлшеммен аз емес. Алайда, мерейтой иесі аздап қонылтақсығанмен соңыра келісін береді. «Айтпақшы, үйге шақырып тамақ бере алмаймын, өйткені, бала-шағамның бәрі қалаға кеткен, қоштасу дастарқанды да өздерің ұйымдастырасыңдар, коньяктің тәуірінен алыңдар!» деп ол соңғы ультиматын айтады. Қырықша шыдап, қырық бірін шыдамасын ба, парторгтің араласуымен дирекция бұған да келіседі. Ол кезде қазірдей мейрамхана қайда?! Шаруашылық кеңесінің ақталына жан-жақтан үстел, орындық жинап, далаға қазан көтерілді. Бүгінгі қызығыңыз осы! Кеңесдегі келіншектер салат қамдап, комсомол қыз-жігіттер шәй тасып, қызмет жасауда. Бас кейіпкерді төрге отырғызып, өзі қалаған тәуір коньягінен алдыртықырап, тезірек зейнетке шығару операциясын бір жөн еткелі отырғандарында мына қырсықты қарасаңызшы! Жұртты көңілдендіріп, күлдіріп отырады деген әлгі үшеудің бұлдіріп отырғанын. Жыл басынан бергі жеті-сегіз ай бойы қарбаласты бірауыз өлеңмен бір пұл етпекші! Ойбай-ай, «Қимай кетіп барасың, сыймай кетіп барасың» дегендері не сөз? «Ал қимасандар, кетпей-ақ қояйың» деп айнып қалса қайтпекші? Адам күйе ме, күймей ме?! Бәрінің шикандарының аузын тырнаған осы жардай еді.

– Әлгі әнді енді қайталамаңдар! – деді мұнда көмекке келген рабшомом. – Айтқыш болсаңдар, басқасын салыңдар. Мәселен, «Мұнайма» деген ән бар емес пе?

Жақан зерек жігіт ғой, мәселенің мәнісін тез ұғынып: – Айнагүлді бастайық, – деді. – Айнагүл-ау, Айнагүл, уәденің қайда бұл. Қыс деп едің күз болды, Бұ не деген іс болды?» деп келетін.

– Ә, мыналарын жөнге келетін секілді, осы тақырыпта, осы темптен ауытқымаңдар, – деген парторг те өз үстеліне қарай бет алды. Бұл кезде бас бұғалтыр мерейтой иесінің бетінен шөпшеде сүйіп, стаканын сүзістіріп жатыр еді...

...Ертеніне еден жуушы келіншек, «Құстар, құстар сызылтып ән салады...» деп әнде жүріп егден маманның кабинетіндегі шап басып тұрған жиырма жылдық бума-бума папкілерді сыртқа тасып, бөлмені адыраспандай бастады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
республикалық
Б.Қыдырбекұлы атындағы
сыйлықтың лауреаты

ҚҰСТАР, ҚҰСТАР...



ғой бұл. Әңгіменің барысы немен біткенін білгіңіз келсе, бері икемделіңіз...

...Бүгінгі кештің басты кейіпкері Жәкең осы совхоз құрылғаннан бері бас маман лауазымын атқарып келеді. Жырма жыл! Аз десеніз де, көп десеніз де осы шаруашылыққа дегені болған кісі. Орысша, қазақша өте сауатты. Занның түбін түсіреді. Қай мәселенді де кері айналдырып жіберу ол үшін түк емес. Басшы-қосшылар мәмілесіп отырғанында Жәкең: «Между прочим» деп орнынан көтерілді ме, бұрынғы келісіннің бәрі зая кетті дей беріңіз. СовМиннің қаулысынан үзінді келтіреді, Шаруашылық ісін жүргізу нұсқаулығынан дәлел айтады. Жуан папкісінен бұрқыратып қағаздарды шығарады, осылайша өз пікірін дәлелдеп бағады. Әйтеуір, қырық бір жас, өзі бір жас болып, топты соңында бір өзі қынырлықпен жеңіп шығады. Ілгеріде бас зоотехникпен сөзге келіп қалып, оны орнынан тайдыру әрекетімен Зовет институтқа сырттай түсіп елу сегіз жасында диплом алып шыққан өлмермендігін қайтерсіз. Байқасаңыз, басшылар үшін қолайсыз қызметкер. Оның үстіне маманмын деп бас зоотехниктің қызметін сұрай ма деген қауіп те қосылған. Қалалған жерінен қан алмай қоймайтың адамыңыз, бір қадалмасын деңіз... Сондықтан әке-көкелеп екі қысты

емес, ауыл-аймаққа қадірлі майдангер офицерді Жәкең де сыйлайды. Сондықтан бастық пен бас маман арасындағы келісім парторг арқылы өрбиді. «Жасыңыз келді, енді жұмысты қойып демалғаныңыз жөн» деген парторг пікіріне әуел баста Жәкең қарсы болмапты. «Дұрыс, маған жанашырлық жасап отырсыз, бірақ мен жуырда үш аяқты мотоцикл алғанмын, «Урал!» Қарызға. Үш мың сом! Соның қарызын айлығымынан төлеп құтылайын. Сосын зейнетке шығамын» дейді. Бұ дегеніңіз әлі де бір жыл қызметтен кетпеймін дегені. Онда «берешегінен бір-бір айлығымызды беріп құтқарайық, тезірек демалсын» деп пәтуаласқан белсенділер шамалы жеңілдегендей болды. Солай етті де. Енді парторг қашан қуанышты хабар айтады деп құлақтары тұру. Алайда кейіпкеріміз басқа проблеманың құлағын қылттытыпты. Қалада жаңа үй көтеріп жатыр екен, соның материалдарын бүгін тауып берсе, ертең жұмыстан босамақшы. Пажалыста, еріктеріңіз білсін, деп әңгіме ауанын өздеріне аударыпты. Басшылар бұған да келісті. Екі жүк көлігі тактай-пактай, есік-терезе, шифр дегенді сонау А. қаласына жеткізіп берді. Бас маманды енді пенсияға шығару керек. Алайда жұмыс стажын растайтын бірде-бір құжаты егесінің қолында жоқ болып шықты. Өзі

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

Таралымы 21038

Тапсырыс №979

Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА